

• СҮЙІНШІ!

18 жасқа дейінгілер тегін жүреді

Биылдан бастап Қарағандыда 18 жасқа дейінгі мектеп оқушылары мен колледж студенттері қоғамдық көліктерде тегін жүреді. Мұндай бастама, әсіресе, көпбалалы отбасыларға үлкен қолдау болмақ. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл мәселені пысықтауды тапсырды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда 7 жастан 18 жасқа дейінгі 110 мыңға жуық бала бар. Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев кеше №44 мектептің педагогикалық ұжымы және мектеп ата-аналарымен кездесу барысында автобустарды жаңарту мен электронды билеттердің енгізілуіне байланысты Қарағанды қаласы бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға тегін жол жүруді қамтамасыз ету жөнінде тиісті органдарға тапсырма бергенін мәлімдеді.

– Осы жылдан бастап біз барлық қарағандылық оқушылар мен 18 жасқа дейінгі студенттер үшін тегін жол жүруді енгізуді қарастырып жатырмыз. Бұл біздің балаларымызға ұтқыр болуға және қаланың кез келген жерінде орналасқан үйірмелер мен өздері қызығушылық танытқан секцияларға қатысуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл барлық отбасыларға үлкен қолдау болмақ, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Балаларының қоғамдық көлікпен мектепке дейін тегін қатынауы ата-аналар үшін жағымды жаңалық болды.

– Біз биыл көпбалалы отбасы қатарына қосылдық. Мектепте үшеуі оқиды. Көпбалалы отбасы құжаттарын тапсырғаннан кейін, екі балам «Күнгей» ықшам ауданынан қаладағы №15 мектепке дейін қоғамдық көлікпен тегін қатынайды.

Балалардың тегін жол жүретіні көңілге қонды. Меніңше, мұны баяғыдан қолға алған дұрыс еді. Себебі, баланың аты бала. ONAY картасының келгеніне де көп болған жоқ. Бала болған соң, ойнап жүріп, тиындарын да жоғалтып алып жатады. Сондықтан, жол жүру балаларға тегін болғанына бек қуаныштымын, – деді ата-ана Еңлік Тұрлымұратова.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



• ТАҒАЙЫНДАУ

Қарағандыда – жаңа әкім

ҚР Президенті Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімімен Қарағанды қаласының әкімі болып Мейрам Қожухов тағайындалды. Оның кандидатурасын қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ұсынды. Депутаттар ұсынған кандидатураны бірауыздан қолдады.

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Білім бастауында – балабақша

Білімнің алғашқы баспалдағы балабақшадан басталады. Сапалы білім беру – кез келген елдің ұстыны боларлық дүние. Себебі, білімді ұрпақ ертең елдің тізгінін ұстайды. Ол үшін білім саласы заман ағымына ілесуі қажет. Мектепке дейінгі білім беру де уақыт талабына сай өзгеріс енгізуді талап етуде. Біз 2023 жылдан бастап еліміздегі балабақшаларда қандай жаңашылдық болатынына тоқталмақпыз.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



• ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Өтпелі кезең өкінішке ұрындырмасын

Жыл сайын үйден қашатын балалар саны көбейіп келе жатқанын айтады мамандар. Олардың дені – 10-15 жас аралығындағы жасөспірімдер. Егер, бұған дейін дала безген баланың дені қолайсыз отбасынан шыққандар болса, бүгінде толық әрі әлеуметтік жағдайы жақсы отбасының балалары да қашуды әдетке айналдырған. Отбасындағы жағдай – өз алдына. Мектепте, көшеде болсын, жасөспірімнің әрекетін сырттай бақылап, оның теріс әрекетке бармауын қадағалап, оқыс оқиғалардың жолын кесетін кәсілетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлардың да саны аз. Мәселен, Қарағанды қаласының өзінде 1 инспектор 4600 балаға жауап береді. Ал, ауылдық жерлердегі көрсеткіш бұдан да жоғары.

Салтанат ЛІНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

► 5-бет

• МӘСЕЛЕ

Жылы аялдаманың «жыры» көбейіп тұр

Жылы аялдамаларға қадағалау жоқтығынан әйнектерінің шағылып, есіктерінің қирағаны туралы өткенде ғана жазып, алаңдаушылық білдірген едік. Не керек, қаладағы 14 аялдаманы аялап ұстау қиындап барады. Демалыс күні Кеншілер мәдениет сарайының алдындағы аялдаманың жылытқыш пешін ұрлап кетіпті.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ұрылар ізін әбден жасырса керек, неше күн өтсе де күдіктілерді қолға түсіре алмай әлек полицейлер. Тіпті, терезесін шаққан бұзақылар да ұсталмапты. Біздің құқық қорғау органы қызметкерлері құлық танытпай отыр ма, әлде? Бұлай жалғаса берсе, аялдаманың өзінен айырылып, жер сипап қалуымыз да мүмкін ғой. Бейнебақылау камераларын орнатуды бұл оқиғалар қаперімізге салып-ақ тұрса да, әлі салғырттық танытып отырмыз...

Жылытқышы ұрланған аялдаманың әйнегі әжептәуір қыраулалып қалыпты. Дегенмен, «МегастройСпектр» ЖШС мердігерлік міндеттемелері негізінде жап-жаңа жылытқыш пешін орнатып қойды.

Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Темірлан Талдыбаев қазіргі таңда қаладағы аялдамаларға жауаптыларды бекіту үшін конкурс өтіп жатқанын жеткізді. Онымен қоса, тиісті қаражат бөлінсе, биыл тағы он аялдама орнататынын алға тартты. Алдағы уақытта бейнебақылау камералары ішіне де, сыртына да қойылатынын да атап өтті.

Қала тұрғындарының тағы бір реніш білдіретіні – жылы аялдамаға үйсіз-күйсіз жүргендердің түнеп шығатыны. Қаңғыбастардың қара қосына айналған аялдаманың тазалығына да көңілі толмайтындар көп. Біздің де көзбен көріп жүргеніміз – сол көрініс...

Иә, жеделдетіп жауаптыларды бекітпесе, жылы аялдамалардың «жыры» көбейіп тұрғаны тұрған...

Суреттерді түсірген **Еркебұлан ХАДЫЛБЕК**

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: •EUR/KZT 502.01 •USD/KZT 464.09 •RUB/KZT 6.77 •CNY/KZT 68.50

Қазақстан Ұлттық Банкінің 18 қаңтар, 2023 жылғы дерекі бойынша



● ТАҒАЙЫНДАУ

Аудан әкімін таныстырды

ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихат депутаттарының келісімімен Абай ауданының әкімі лауазымына Сәбит Оспанов тағайындалды.



– Тәжірибе мен білім Сәбит Темешұлына ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық қойылған міндеттерін іске асыруға және проблемалық мәселелерді шешуге көмектесетініне сенімдімін, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, аймақ басшысы жаңа әкімнің алдына жылыту маусымының тұрақты өтуі, инженерлік желілерді қайта жаңартуды аяқтау және әлеуметтік нысандар салу, сондай-ақ жаңа өндірістерді ұлғайту, инвестициялар тарту және жастар кәсіпкерлігін қолдау міндетін қойды.

Сәбит Оспанов 1969 жылы туған. 2000 жылы сәуірден мемлекеттік қызметте. Ульянов кенттік округі әкімінің орынбасары, кәсіпкерлік бөлімінің басшысы, Ботақара кентінің әкімі, Абай қаласының әкімі, Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары қызметтерінде болды.

2016 жылдан Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, 2022 жылдың сәуірінен бүгінге дейін Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы лауазымын атқарды.

Өз тілшімізден

● ӨНДІРІС – ӨҢІР ТІРЕГІ

Кәсіпорындарға қолдау қажет

Аймақ экономикасын дамытуда өндіріс алпауыттарының үлесі қомақты. Мәселен, былтыр 9 айда «Қазақмыс» корпорациясы жергілікті өндірушілерден 14 млрд. тенгеге тауар сатып алды. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмысты ширату қажет. Компания басшылығымен кездескен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев осы мәселені жауапты тұлғаларға мықтап тапсырды.



Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр облыс әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясы арасында арнайы меморандум жасалды. Құжат шеңберінде 21 жергілікті компаниямен келісімшарт түзілді.

– Облыс өндірушілерін қолдау және жергілікті қамтуды дамыту мақсатында 2022 жылы әкімдік пен «Қазақмыс» корпорациясы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Өткен жылдың 9 айында өңірдің тауар өндірушілері шикізаттық емес тауарлар бойынша жалпы сомасы, шамамен, 14 млрд. тенгеге келісімшарт жасасты, – деді облыстың өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Әскербек Халтонов.

«Қазақмыс» сауда үйінің директоры Марина Красюк қазақстандық кәсіпорындар өнімін сатып алуда өсім барын атап өтті. Әйтсе де, тауардың басым бөлігін әлі де шетелдік өнім құрап отыр. Қазір импортты алмастыру



бағытында нақты жобалар қолға алынууда. Бұл ретте облыстағы кәсіпорындар өндіретін болат арқан, цемент, металл прокаты, жарықдиодты шам, автобус және автомобиль шиналары сынды тауарларды атап өтеміз.

Жақын арада облыс әкімдігі мен корпорация арасында былтыр жылға арналған меморандумға қол қойылмақ. «Қазақмыс» бас-

шылығы қатысқан онлайн-кездесуде осы меморандумда қамтылуы тиіс мәселелер талқыға түсті. Кез келген өндіруші өз сауалын қойып, ұсынысын ортаға салды.

Облыс әкімі қос тараптың да ұстанымын назарға алды. Сон-

дай-ақ, жергілікті кәсіпкерлерден тауар сатып алу көлеміне көңілі толмайтындығын айтты. Компания басшылығын жыл сайын сатып алудағы отандық тауар үлесін ұлғайтып, жеткізушілер тізімін тұрақты түрде кеңейтіп отыруға шақырды.

– Құр сөз емес, нақты келісімшарттар қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

● COVID-19

Шектеу шараларына негіз жоқ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус инфекциясына қатысты эпидемиологиялық шараларға бірқатар ұсыныстар білдірді. Өзгеріс маска тағу, коронавируспен ауырған адамдарды емдеу мен күтуге байланысты. Ұйым маска тағу коронавирустан қорғанудың басты құралы болып қала беретінін баса айтты. Әрі эпидемиологиялық жағдай қандай болса да маска тағуды ұсынады. Коронавирус мутацияларының таралуы – бұл алаңдаушылықтың басты себебі.

Бұдан бұрын дүниежүзілік ұйым масканы эпидемиологиялық жағдайға байланысты ғана тағуды ұсынып келген. Енді, коронавирустың тез таралуынан сақтанып, көпшілік жерде, жабық немесе нашар желдетілетін ғимараттарда, сондай-ақ, коронавирус жұқтырған адаммен байланыс кезінде тағуға кеңес береді.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, ұйымның хабарлауынша, науқаста теріс нәтиже болса, окшаулау мерзімін азайтуға мүмкін. Ал, тестілеусіз он күн окшаулау жағдайында болуы тиіс. Тестілеу коронавирустың бар екенін көрсеткен, бірақ, қандай да бір ауру белгілері жоқ науқастар бұрын ұсынылғандай он күн емес, бес күн окшаулануы мүмкін.

Қолданыстағы қаулы бойынша елде R көрсеткіші 1-ден асса,

мелерге кіруге шектеу қойылады. Әзірге, облыс та, республика да «жасыл» аймақта. Шектеу шараларын енгізуге негіз жоқ. Десе де, медициналық ұйымдарға барғанда, көпшілік және қоғамдық орындарда әркім өз қауіпсіздігі үшін маска такса, артық емес. 17 қаңтарда ел көлемінде 70 адамнан коронавирус анықталды. Оның алдында – 60, одан тәулік бұрын 56 жағдай тіркелген еді. Денсаулық сақтау министрлігінің кешегі күнгі дерегі



адам көп шоғырланған жерде маска тағу ұсынылады. Аймақ «сарыға» өтсе, ұжымды бөлуге бағытталған шаралар қабылданады. Бұл кезде науқас адаммен байланыста болған тұлғаларды, вакцина алуға тікелей қарсы көрсетілмі бар адамдарды қашықтан жұмыс істеуге жібереді, білім беру ұйымдарында топтарды біріктіріп іс-шаралар өткізбейді. «Қызыл» аймаққа өткен жағдайда жиналыстар онлайн-форматқа, ал, қызметкерлердің 30 пайызы қашықтан жұмыс істеу режиміне ауыстырылады. Іс-шараға жиналғандар науқастарды жеткізу үшін қолайлы 50 пайыздан аспауы керек. Сонымен қатар, жабық мекемелерде, қоғамдық көліктерде маска тағу міндеттеліп, жабық меке-

бойынша 2 мың адам коронавирустан ем алып жатыр. 1 831 науқас амбулаторлық жағдайда болса, 169 адам – стационарда. Оның ішінде, тоғыз науқастың жағдайы ауыр, бес науқастың жағдайы өте ауыр. Төрт адам өкпені жасанды желдету аппаратында. Және коронавирустан бір адамның қайтыс болғаны туралы да дерек бар. Сондықтан, вакцинация мен уақыты келсе, ревакцинация жасатуды да ұмытпаған абзал.

17 қаңтардағы мәлімет бойынша ел көлемінде 10 858 101 адам коронавирусқа қарсы екпенің бірінші компонентін, 10 629 063 адам екіншісін алған. Ревакцинация алғандар саны – 5 743 697. Оның ішінде, облыс бойынша 731 120 адам біріншісін, 684 986 адам екінші дозаны алған.

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Аймақ экологиясының ахуалы сараланды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр 5 қазанда өңірге жасаған сапары барысында жергілікті атқарушы билікке экологиялық жағдайды жақсарту жөнінде тапсырма берген болатын. Бұған сәйкес, облыс мәслихатының 2021 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының аймақтық филиалының ұйытқы болуымен таңдалған тақырыпқа дөңгелек үстел өтті.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметті толғандырып жүрген Қарағанды жылу электр ор-

талығының күл үйіндісі, Темір-таудағы ауаның ластануы, Нұра

өзенін сынаптан тазарту, Қарағайлы тау-кен байыту комбинатының қалдықтары, Балқаштағы радиолокациялық станса аумағы сынды толғақты мәселелер қаралды іс-шарада.

– Өлбетте, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жұмыстар өте ауқымды. Әрі облыстың деңгейінен шығып кеткен сұрақтар да жоқ емес. Негізгі мақсат – түйінін шешілуіне түрткі болу. Сіздер мен біздер талқыға салып, әрекетке бастар ұсыныстарыңызды түрлі деңгейдегі құзырлы органдарға

жолдау, – деп атап өтті партияның жергілікті филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, академик Серғазы Әдекенов.

Баяндамашылар Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Нұрбек Серіков пен облыстық мәслихат депутаты Анар Турмухамбетова аймақтағы экологиялық ахуалға кеңінен тоқталды. Қызу пікірталасқа ұласқан шараға жоғары оқу орындарының ғалымдары да қатыса отырып, дәйекті көзқарас білдірді.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Баспаналы дәрігерлер көбейеді

Салынып жатқанына бес жылдан асқан облыстық көпбейінді балалар ауруханасының құрылысы биыл наурыз айында аяқталады. 200 орындық ауруханада катанез кабинеті де ашылмақ. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қалдыбек Исмаиловтың айтуынша, ол кабинет – жаңа туған нәрестені бір жасқа дейін бақылауға алатын арнайы орталық. Басқарма басшысы осы арқылы ана мен бала денсаулығын жақсартып, өлім-жітімді азайтуға ден қоймақ. Екінші жағынан медициналық қызметкерлерді баспанамен қамтитын болады. Балалар ауруханасы жаңа ғимаратқа көшкенде қазіргі «45-ші орамдағы» аурухананың орнына 94 пәтерлік толық жабдықталған «Дәрігерлер үйі» пайда болады деген жоспар бар.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте Қалдыбек Орнәліұлы денсаулық сақтау саласының жоспарларымен бөлісті.

– Биыл «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында алты фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы аяқталады. Жаңартуды талап ететін ауылдық жерлердегі 92 нысан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасына енді. Аталған нысандарды 11 дәрігерлік амбулатория, 34 ФАП және 47 медициналық пунктпен байланыстыру үшін жергілікті бюджеттен 608 млн. теңге бөлінеді, – деді ол.

Басқарма басшысының айтуынша, Балқаш және Теміртау қалаларының ауруханалары жақын орналасқан аудандар мен



Коллажды жасаған Арайым Коктаева

олардағы ауылдарға қызмет көрсете алатындай ауданаралық аурухана болып құрылады.

– Бұл ауруханалар алтын уақыт

астам қаражат бөлінеді, – дейді Қ.Исмаилов.

Медициналық мамандардың тапшылығын шешу мәселесі де

рылады. Бұл мақсатта 66 маманды оқыту үшін 165,6 млн. теңге бөлінген. Қазір 44-і оқып жатыр, – деді Қалдыбек Исмаилов.

● МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Сайлау комиссияларының құрамы бекіді

Облыстық мәслихат төрағасының міндетін атқарушы Қадияша Оспанованың төрағалығымен өткен кезектен тыс XXIII сессияда депутаттар аумақтық сайлау комиссияларының құрамын бекітіп, облыс бойынша тексеру комиссиясының мүшесін қызметке тағайындау туралы мәселені қарады. Одан бөлек, облыс бойынша іске асыру жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының тізімі бекітілді.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жалпы, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 10-бабына сәйкес, облыстық сайлау комиссиясының шешімімен облыстық мәслихат депутаттарын таңдау бойынша 18 аумақтық сайлау округі құрылған. Олардың 3-еуі – жұмыс істеп тұрған сайлау комиссияларының қызмет көрсету аумағына сәйкес келеді. Олар – №№13, 14 және 17 бір мандатты аумақтық сайлау округтері. Депутаттық өкілеттіктер, әдеп, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Жанна Штергер қалған 15 комиссия бойынша аудандық сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыру және алдағы сессияларда осы комиссияның мүшелерін сайлау қажет екенін айтты.

– Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын қабылдау 1-15 қантар аралығында жүзеге асырылды. Облыстық мәслихаттың округтік сайлау комиссияларын қалыптастыру мәселелері жөніндегі уақытша комиссиясы округтік сайлау комиссияларының мүшелігіне кандидаттардың талаптарға сәйкестігіне саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер ұсынған құжаттарын зерделеді. Депутаттық корпусқа ұсыныстар берді, – деді Жанна Филипповна.

Саяси партиялар әрбір аудандық сайлау комиссиясының құрамына бір ғана үміткер ұсына алатынын және кандидаттардың барлығы заңға сәйкес тексерілетінін айту керек.

Нәтижесінде, депутаттық корпус облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі 15 округтік комиссияның және Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі 2 округтік сай-

лау комиссиясының құрамын бекітті.

– Парламент пен мәслихат депутаттарын жаңа сайлау жүйесі негізінде партиялық тізімдер мен бір мандатты округтер бойынша 2023 жылғы маусымға дейінгі мерзімде қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып сайлау өткізу «Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды тұғырнамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының тармақтарының бірі болып табылады. 14 қантарда Сенат депутаттарының сайлауы өтті. Келесі кезең – мәслихаттар мен Парламент Мәжілісінің сайлауы. Сайлау іс-шараларын өткізу үшін аумақтық сайлау комиссиялары құрылды. Оның құрамын облыстық мәслихат бекітеді, – деді Қадияша Оспанова.

Кезектен тыс сессияда іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының тізбесі бекітілді. Бұған дейін облыстық мәслихат сессиясының шешімімен облыста жүзеге асырылуы тиіс 61 жоба болған. Бірақ, Ұлытау облысының бөлінуіне және МЖӨ жобасын жүзеге асырудың мақсатқа сай болмауына байланысты жобалар саны азайтылды.

Сонымен қатар, депутаттық корпус Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі лауазымына бес жыл мерзімге Аян Тахановтың кандидатурасын қолдады.

Сессия жұмысына облыс әкімінің орынбасарлары, қалалар мен аудандардың әкімдері, басқармалардың, облыстық сайлау және тексеру комиссияларының басшылары қатысты.

● Өңірлерді дамыту

Саран сәні – жаңа үйлер

Саран қаласы мен оның аумағына кіретін Ақтаст кентінде 52 мыңдай адам тұрады. Кейінгі кезде бұл өңірде жаңа өндіріс орындарының ашылуына байланысты құрылыс та қарқын алды. Атап айтқанда, Ақтаста жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу қолға алынса, Саранның өз басында тұрғын үйлер көптеп қатарға қосылуда.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылыс мемлекет қаржысы есебінен бұрынғы резина-техникалық зауыт аумағындағы көпқабатты үйлерді қалпына келтіріп, жаңғырту жолымен жүзеге асырылып жатыр. Себебі, сонау тоқсаныншы жылдардағы дағдарыс кезеңінде осындағы қала құрушы кәсіпорын резина-техникалық бұйымдар зауыты жабылған соң үйлер иесіз қалып, құрылыс материалдары талан-таражға түскен еді. Енді мұнда автобус құрастыру және шина зауыттары ашылып, ондағы жұмыскерлерді баспанамен қамтамасыз ету мәселесін күн тәртібіне шығарған.

Саранда иесіз қалған 50 үй бар болса, техникалық жарамдылығын тексеру қорытындысы бойынша олардың тең жарымын сырып тастау ұйғарылыпты. Қалған жартысына жан бітіп, біртіндеп баспанаға мұқтаж жандардың жайлы да тұрақты мекеніне айнала бастаған. Мәселен, өткен жылдың өзінде РТБ зауыты аумағында осындай бес қабатты екі үйде 120 адам қоныстой жасаса, жуырда тағы да екі 75 пәтерлік үй салынып бітпек. Қазір оның бірінде электр желілерін тарту және ескіншісінің сыртқы кіреберіс қашаларын жасап, орнату ғана қалып отыр. Биылғы



жоспар бойынша тағы да екі үй қалпына келтірілмек. Бұл үйлерде бір және бес бөлмелі пәтерлер бар. Олар негізінен кезекте тұрған көпбалалы және жалғызбасты аналарға, жетім балаларға, ардагер-зейнеткерлерге жалға беріледі. Сондай-ақ, былтыр

Саран қалалық құрылыс бөлімінің бас маманы Еламан Татыханов бізге осы үйлерді аралатып, көрсеткенде. Қаладағы құрылыс осы қарқынынан таймаса, оның орындалатынына күмән жоқ.

САРАН



«Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясының облыстық филиалы Қазақстандық кәсіпкерлер және сервистік қызметтер қауымдастығымен, «Қазақстан студенттер альянсының» облыстық филиалымен бірлесіп, «Қарағанды облысында креативті индустрияны дамыту» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Сонымен қатар, шараға облыста креативті индустрияны дамытуға қатысы бар мүдделі тұлғалар да шақырылды.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының, облыстық бюджеттен қаржы бөлінетін «Террикон алқабының» өкілдері, «Урбанистика» орталығы, жоғары оқу орындарындағы жастар қозғалысының көшбасшылары, сондай-ақ, шығармашылық және оқу-әдістемелік орталықтың өкілдері қатысты. Дөңгелек үстел барысында «Террикон алқабына»

Креативті индустрияға көңіл бөлінеді

қатысты біраз сұрақтар қойылды.

Облыста «Террикон алқабы» жұмыс істегенімен, ол туралы ақпарат жоққа тән десе де болады. Мәселен, тегін оқыту бағдарламалары бар екенін де көпшілік біле бермейді. «Террикон алқабы» өкілдерінің өздері облыс аудандарымен, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармамен қарым-қатынас жолға қойылмағанын айтады. Дөңгелек үстел нәтижесінде, аталған алқап өкілдері қауымдастық және жастардың көшбасшыларымен, саясаткерлермен бірлесіп, іс-шара ұйымдастыру шешіміне тоқталды. Шара барысында танысу және уақытылы ақпарат алу үшін бірыңғай цифрлық кеңістік құру талқыланады.

Ал, «Урбанистика» орталығы – түрлі жобаларға қатыса алатын ұйым. Көпшілік оны мемлекеттік мекеме деп қабылдап үйреніп қалғанымен, жеке құрылым. Ұйымның қызметіне қызығушылықты арттыру үшін жобаларға белсенді жастарды қатыстыру ұсынылды.

Дөңгелек үстелге қатысқан оқу-әдістемелік орталығы туралы пайдалы ақпарат айтылды. Біріншіден, оқу-әдістемелік

орталық белсенді жастар және басқа ұйымдар арасында коммуникацияны жақсы жолға қойған. Атап айтқанда, аталған орталық 7-11-сынып оқушылары арасында түрлі жобалар бойынша іс-шаралар өткізумен айналысады. Бірақ, шара демеушілер есебінен жүзеге асырылады. Осы орайда «аталған шараларға неліктен жергілікті бюджеттен қаржы бөлінбеске?» деген сұрақ қойды («Ақ жол» партиясының облыстық филиалының төрағасы Ермек Әбілдин.

Жастар саясатына қатысты өзара іс-қимылдың әлсіздігіне де сын айтылды. Нақтырақ айтқанда, гранттық бағдарламалар, кім қатыса алатыны, қайдан көруге болатыны жайлы ақпарат уақытында ұсынылса деген тілектер болды.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы үш аптадан соң студенттік бірлестіктердің жетекшілерімен кездесетін болды. Кездесу «миға шабуыл» форматында бірыңғай алаңда өткізіліп, оның барысында консенсусқа қол жеткізілетін болады.

● КӨКЕЙКЕСТІ

Иттердің дәурені жүріп тұр

Мемлекет деңгейінде қазақы тазы мен төбетті сақтаудың заңы шықты. Жөн-ақ, Ал бұқара бұралқы иттерден құтылудан амал-айла таба алмай пұшайман. Заң негізінде. Қазір бұралатылған ит атаулының қала ортасында «қош» түзеп бара жатқаны ешкімге таңсық емес. «Кет!» деуге де дәрмен жоқ жұртта. Өйткені, «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң олай дегізбейді. 2022 жылдың 1 қантарынан кәріне мінген зәкүн қаңғыған иттердің әмірін «үргізіп» тұр. Заң жануарларға жауапкершілікпен қарауға үндейді. Әйткенмен, иттен қалай қорғану туралы үндемейді. Қарағанды қаласының басында бұралқы, егесі жоқ иттер қар түскеннен бері құтырып алғаны жаңалық емес. Олардың үйірімен адамға шабуылы әлеужеліде жиі жарияланады. Бірақ заңнан аса алмай қараусыз итпен «иттішеп» алысып жүрген жұрт қайтеден білмей дәл. Былтырдан бері Қарағанды аймағында иттер таланған көп қалығы оқиға болды. Ескі жараның аузын тырнамайық. Алайда, бүгінгі сөз заңмен қорғалған иттің емес, иттен зәрезап болған адамның ахуалы хақында...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адаммен теңестіре қоймадық абырой болғанда әзірге. Дегенмен, оларға «әй!» дегізбейтін қоғамдық ұйымдар бар. Ит атаулыны атып салсын деп отырған жоқпыз. Бірақ, иттің де иттігі барын ұмытпаған абзал. Адамды қауып, талап жатса, сонда кімнің өмірі құнды? Конституцияда айтылған «мемлекеттің басты байлығы – адамның» ба, әлде қаңғыған иттің бе? Сонымен, біздің аса мәртебелі заң шығарушы ұйым қабылдаған заң не дейді?

Жан-жануарды қорғаушы қоғам-

дық ұйымдар ұлардай шулап жүріп шығартқан заң лағып жүрген итке тас лақтыруға да тыйым салады. Заңға сүйенсек, онсыз да «тағдырдың тәлкегін тартып, «бұралқы» болуға «мәжбүрленген» иттердің басына пана беруге, алдына ас қоюға тиіс қоғам. Ит түгілі 18 млн. қазақтың пәлен миллионы шаһарларда үйсіз-күйсіз босып жүр. Сөйте тұра, бұралқы иттерге панажай керек екен.

Басқаны қайдам, Қарағандыда иттің «иттігін» дәлелдейтін оқиға бар-



шылық. Амал жоқ, қазір оны дәлелдеу керек. Әйтпесе, онсыз «жануарға» қастандық тілетен қастақсызды. Қастақы атанбас үшін, қолымызды «қанға» малмай тұрып, Қарағандыдағы бірер оқиғаны атап өтейік.

Мысалы, Қарағандыда қараша айында 16 жастағы баланы ит талап тастады. Одан беріде мектеп, үй ауласында өріп жүрген иттер бірнеше рет үлкен-кішіге шабуылдады. Ол туралы бейнежазбалар көп.

Күні кеше Қарағандыдағы Білім және инновия лицейінің мұғалім,

ата-ана, оқушылары бұралқы иттерден көрген зәбірін жергілікті пәбликтерге жария етті. Лайф 09 ақпарат агенттігінің хабарлауынша, дәл осы лицейдің бір оқушысын ит қауып алған. Оқушы тұрмақ, ересек адамға атылып жатқан иттерден қайтіп қорғануды білмей ғаріп халық. Құзырлы орындардың қолын жайғаннан басқа әрекеті жоқ. Себебі, заңнан аттай алмайды. Заң Адам атаның ұрпағын «итке «иттігі» жасап қор осыдан!» деп қорқытады. Егер алда-жалда қауіп төндірсе, «109

сенім» бірыңғай байланыс орталығына шағым түсіру керек. Содан соң тиісті ұйым қызметкерлерімен бірге жаңағы «зәбір» көрсеткен қаңғыған, я иесі бар итке баруы тиіс. Сол арада заңға сәйкес қажетті шаралар жүзеге асады. Заң осындай. Қай бұралқының адамды талап кеткен соң қаланың қай қуысында жүргенін анықтау қалай мүмкін?

– Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңы шығуына байланысты егер қаңғыбас жануарлар қауіп

төндірсе, «109 сенімге» өтінім білдіреді. Ол өтінім полиция басқармасына, медициналық орталыққа және ветеринария станциясына келіп түседі. Сол арқылы аталған органдар бірлесе отырып, қызмет атқарады. Оған өтініш берген адам да қатысуы тиіс, – дейді ақпараттық агенттікке берген сұхбатында Қарағанды облысының ветеринария басқармасы ветеринарлық-санитариялық шараларды ұйымдастыру және ТЖ бөлімінің басшысы Ерлік Макашев.


Құзырлы орындар бұған дейін бұралқыларды аулап, оларға тиісті шара жүргізуге тиісті панажайдың жоқтығы кедергі екенін мәлімдеген-ді. Мұндай панажай салуға «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң мүмкіндік береді. Заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес «Жануарларға арналған панажайлар мемлекеттік және жеке-ше болуы мүмкін». Яғни, итке үйді бюджет есебінен, не жекеменшік тарапынан салуға рұқсат. Байлығы – адамы баспана таппай, бес баласы тірідей өртеніп кеткен елдің итке арнап панажай салып беретіні біртүрлілеу негізі. Қатыгез, тасжүрек атандырып, жануарларды қорғаушылар осы қазір бізге неше дүркін тас атса да, жекеменшік пікіріміз осы екен. Десек те, заң басқаша сөйлейді.

Енді қайтпек керек? Бір амалы – заңға сәйкес бюджет қаржысын киып, панажай салуды жеделдетуі тиіс. Екінші амалы – заңға өзгеріс қажет. Өтпзді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын жол қайсы?!

Ал, әзірге иттердің әмірі жүріп тұр. Тура және ауыспалы мағынада да...

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Коммуналдық қызмет сапасы жақсарады



Облыстың электр-энергетикалық кешенінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымында тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін жөндеу науқанына барлық қаржыландыру көздерінен 82,1 млрд. тенге сомасында инвестициялар салынды. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 8,4 млрд. тенгеге артық (73,7 млрд. тенге).

Жөндеу науқаны барысында негізгі және қосалқы жабдықтар дайындалды. Оның ішінде, 7 энергия көзі (Қарағанды ЖЭО-1 және ЖЭО-3, ЖЭО-2 Теміртау қ., ҚарБТЭС-1, ШЖЭО, БЖЭО және Топар БТЭС) және 685 жергілікті жылу көздері (62 қазандық және 623 АСО), 569 бірлік электр қосалқы станциялары, 2 116 км инженерлік желілері, 1126 әлеуметтік сала нысаны және 5 598 тұрғын үй бар.

15,3 млрд. тенге сомасына бюджеттік қаржыландыру аясында жылудың жабдықтау саласында 8 жоба іске асырылды. Ұзындығы шамамен 10 км жылу желілерін салу және реконструкциялау бойынша жұмыстар орындалды. Сондай-ақ, Саран қаласының орталықтандырылған қазандығын салу бойынша жұмыстар жалғастырылды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша облыс бойынша электр энергиясын тұтыну 14,2 млрд. кВт/сағ өндірумен 19,1 млрд. кВт/сағ құрады. Тапшылық 4,9 млрд. кВт/сағ құрады және ол сыртқы энергия көздерімен қамтылды.

Облыстың электр желілік объектілерін жетілдіруге және күрделі құрылысына энергия беруші ұйымдардың бекітілген инвестициялық бағдарламалары аясында 12,6 млрд. тенге сомасында қаржыландыру бөлінді.

68 км электр беру желілері мен 87 бірлік қосалқы станция жабдықтарын жетілдіру және күрделі құрылысын жасау жоспарланған.

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Ережеге сәйкес орман, су ресурстарын, жануарлар дүниесін қорғау, табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу, жобаларға экологиялық сараптама жүргізу және II, III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға теріс әсер етуге рұқсат беру, сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану саласындағы бақылау жұмыстарын жүргізу.

«Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасында және облысты дамыту жоспарында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Kazakhmys Smelting» ЖШС, «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС өнеркәсіптік кәсіпорындары бойынша ірі қалалардағы стационарлық көздерден шығатын атмосфераға ластанушы заттардың шығарындыларын азайту көрсеткіші көзделген.

2022 жылы өнеркәсіп кәсіпорындары рұқсат етілген лимиттер 363,5 мың тонна болған кезде іс жүзінде 285,2 мың тонна немесе 21,5% аз көлемде шығарындылар өндірілді. 2025 жылға қарай шығарындыларды 215,4 мың тоннаға дейін қысқарту жоспарлануда.

Шығарындыларды азайту Қарағанды облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу бойынша жол картасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Жол картасының орындалу барысы экология департаментімен бірлесіп барлық өнеркәсіптік кәсіпорындармен жүйелі түрде қаралады.

Басқарма өзінің негізгі қызметін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде жүзеге асырады. Іс-шаралар жоспарында жалпы сомасы 35 892,8 млн. теңгеге 77 іс-шара көзделген.

2022 жылы Солонка, Ақбастау және Мұстафин кентінің жанындағы рұқсат етілмеген жолдан Самарқанд су қоймасына дейін Нұра өзендерін санациялау жұмыстары аяқталды, сондай-ақ Қ.Сәтбаев атындағы каналдан Тұзды өзеніне табиғатты қорғау мақсатында су жіберуінді ғылыми-табиғи негіздемесі әзірленді.

Биылғы жылы Нұра өзенінің 3 учаскесінде санацияны іске асыру, сон-

Сондай-ақ, станция иелерінің ҚР Энергетика министрлігімен инвестициялық келісімдері аясында биылғы жылы Балқаш ЖЭО №5 қазандық агрегатын және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2 №7 қазандық агрегатын пайдалануға беру күтілуде.

Электр энергиясын беру саласындағы энергия беруші компаниялардың инвестициялық бағдарламалары аясында 2023 жылы 61 км электр беру желілері мен 80 бірлік қосалқы станциялардың жабдықтауын жетілдіру және жаңа құрылыс жұмыстарына 12 млрд. тенге сомасында қаржыландыру бөлінді.

2023 жылдың 1 қаңтарына облыс бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй кезегінде 33 438 азамат тұр. 2022 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 31 640 азамат кезекте тұрған. Кезек 1798-ге, яғни, 5,4%-ға өсті, халықтың әлеуметтік осал топтарының кезегі негізінен: 870-ға, яғни 6,8%-ға өсті. Мұнда 2 603 – көпбалалы отбасылар, 12 709 – халықтың әлеуметтік осал топтары, 11 760 – бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, 6 215 – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 151 – жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтар.

2022 жылы облыста мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегінде тұрған 876 азамат түрлі қаржыландыру көздерінен тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Оның ішінде, несиелік тұрғын үй – 281.

Санаттар бойынша жіктесек, жетім балалар – 138, халықтың әлеуметтік осал топтары – 355, көпбалалы отбасылар – 175, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері – 213, жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтар – 15.

Сонымен қатар, облыстық бюджеттен 1 млрд. тенге және «Отбасы банк» АҚ-нан кеңішілер мен металлургияға жеңілдікпен тұрғын үй несие беру бағдарламасын іске асыруға 700 млн. тенге қарастырылған.

Бұл бағдарлама 5 жылға есептелген және облыстың бес қала-

сында іске асырылуда: Қарағанды, Саран, Теміртау, Шахтинск және Абай, несиенің ең көп сомасы – 15 млн. тенге.

2022 жылы банк «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының 122 қызметкеріне 1 млрд. 537 млн. 345 мың сомаға несие берді.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау шеңберінде жалдау ақысын субсидиялау бойынша биылғы жылы облыста «Отбасы банк» АҚ операторы болып табылатын жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер бағдарламасы іске асырылуда.

Бүгінгі таңда төлем алған азаматтардың саны – 35.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында облыста ККТҮ басқарудың жаңа нысандарын – МИБ (мүлік иелерінің бірлестігі) немесе ЖС (жай серіктестік) құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда жаңа басқару нысандарын құру мүмкіндігі бар 6145 көпқабатты үйлердің ішінде 203 МИБ және 5942 ЖС тіркелген. Бұл 100%-ды құрайды.

Кондоминиум объектілерін басқару бойынша ең төменгі тариф бүгінде облыстың 13 өңірінде бекітілген. Облыс бойынша орташа тариф 1 ш. м. үшін 25-28 теңгені құрайды.

Бүгінгі таңда қалалар мен аудандардың әкімдіктері ЖС-ке көшу бойынша пәтерлер саны 30-дан асатын жерде МИБ-не көшу бойынша жұмыс жүргізуде.

2022 жылы республикалық бюджеттің несиелік қаражаты есебінен Абай, Саран, Шахтинск және Қарқаралы қалаларында 190,2 млн. тенге сомасына 4 ККТҮ-де күрделі жөндеу аяқталды.

2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес

бұрумен қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында 27 жобаны іске асыруға 12 530 853 мың теңге бөлінді (ГНФ – 841 900 мың теңге, НФ – 6 430 988 мың теңге, РБ – 2 627 954 мың теңге, ОБ – 844 837 мың теңге).

2022 жылдың қорытындысы бойынша 252,79 км (қала – 76,09 км, ауыл – 176,7 км) су құбыры және кәріз желілері салынды және қайта құрылды.

Осы іс-шараларды іске асыру халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігін қалалар мен ауылдар бойынша орташа есеппен 95,5%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді (2021 жылы – 94,8%).

Қалалар мен аудандар бойынша жағдай келесідей:

8 қалада 907 486 адам тұрады. Сумен жабдықтау қызметтеріне 891 505 адам немесе 98,2% қол жеткізе алады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша 76,09 км су құбыры және кәріз желілері салынды және қайта құрылды.

Сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізу 98,5%-ды құрады.

Облыста жалпы халық саны 227 754 адамды құрайтын барлығы 349 ауылдық елді мекен (АЕМ) бар.

Орталықтандырылған сумен жабдықтаумен ауылдық жерлердегі халықтың 91,4%-ы (208 120 адам) немесе 215 ауыл қамтылған.

2022 жылы ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға 21 жобаны іске асыруға 5 313 335 теңге бөлінді (ГНФ – 841 900 мың теңге, НФ – 3 747 721 мың теңге, ОБ – 723 714 мың теңге), 161,3 км су құбыры және кәріз желілерін салу және қайта құру жоспарланған (құрылыс – 131,4 км, қайта құру – 29,9 км).

2022 жылдың қорытындысы бойынша 176,7 км желі салынды және қайта жаңартылды.

Жалпы, халықты ауыз сумен 100% қамтуды 2025 жылға қарай қамтамасыз ету жоспарланған.

Ауыл тұрғындарының ауыз суға қолжетімділігі 92,4%-ды құрады.

Қайрат БЕГІМОВ,
облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы

Білім бастауында – балабақша



(Соңы. Басы 1-бетте)

– 2020 жылдан бастап педагогтердің жалақысы жыл сайын өсуде. Мемлекеттің есебінен қолдау меншік нысанына қарамастан, барлығына бірдей қолданылады. Жекеменшік ұйымдардағы педагогтер жалақысына да республикалық бюджет есебінен қаржы бөлінеді. Ол жан басына қаржыландыру сомасында қарастырылған. Сонымен қатар, бытырдан бастап тәрбиешілер есеп ретінде өткізетін құжаттар саны азайды. Енді олар жылына бір рет толтырылатын перспективалық жоспар, тәрбие-білім беру процесінің циклограммасы (бір аптаға толтырылады) және баланың диагностика өлшеулерін ғана ұсынады. Осы үш құжат шеңберінде жұмыс істейді. Заңға сәйкес басқа құжаттарды талап етуге тыйым салынады, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бактыгүл Әдекенова.

Оқу-ағарту министрлігінің мәлімдеуінше, биыл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа мемлекеттік стандарты мен үлгілік бағдарламасы қабылданды. Сарапшылар бұл мектепке дейінгі білім беру мазмұнын түбегейлі өзгертетін тәуелсіздік жылдарындағы ең үлкен реформа екенін атап өтті. «Жаңа мемлекеттік стандарт «ойын арқылы оқыту» қағидасына негізделген балаларды дамытудың негізгі әдістемесіне оралуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, енді балабақшалар еркін күн тәртібін әзірлей алады. Бұл тәрбиешілерге минут сайын қатаң кестеге байланып, күні бойы балалар үшін ойын және оқу-жаттығуларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа стандарт-

та балалардың бойында маңызды құндылықтарды қалыптастырудың тәсілдері мен әдістері де көрсетілген», – деген болатын Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры Манара Адамова.

Оқу-ағарту министрлігі бытыр еліміздегі барлық балабақшаны лицензиялау мәселесін көтерген-тін. Балалардың құқықтарын қорғау және балабақшалардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында еліміздегі барлық балабақшалар лицензияланады. Министрлік бұл іс 2024 жылы басталатынын атады. Бұл мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға қатысты. Сондай-ақ, бүгінде мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілердің біліктілігін арттыруға басқа көңіл бөлінуде. Балабақшаларда кадрлар даярлығының жеткіліксіз болуына біліктілікті арттыру курстарының аздығы себеп. Оқу-ағарту министрлігі биылдан бастап біліктілік курстарын үш есе көбейтетінін мәлімдеді.

«Жекеменшік балабақшалар мемлекеттік ұйымдар секілді балаларды тәрбиелейді. Жекеменшік балабақшаларды курстармен қамтымау дұрыс емес. Сондықтан, алдағы жылдан бастап жекеменшік балабақшаларда жұмыс істеп жатқан тәрбиешілерді де мемлекеттің біліктілікті арттыру курстарымен қамту мәселесін шешеміз», – деген болатын бұрынғы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов.

Білімнің барлық бастауы – балабақшадан басталады дедік. Ендеше, балабақшалардың қауіпсіздігін арттыру, тәрбиешілерге жағдай жасау – мемлекет үшін қашанда маңызды іс бола бермек.

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Тілді дәріптеу – басты парыз

Қазіргі уақыт еліміздегі тіл саясатына, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын арттыру мәселесіне жаңаша қарауды қажет етеді. Заман талабына сай жаңа міндеттерді айқындау, олардың шешу жолдарын іздеу – уақыт күттірмейтін мәселе. Есептік жыл ішінде облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы тарапынан «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы мен Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, бірқатар ауқымды шаралар қолға алынды.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында 2022 жылы 6 оқыту орталығы (1 – жекеменшік) мен 5 оқыту курсы негізінде қазақ тілін оқыту курстарымен үш мыңнан аса адам қамтылды. Жылдан жылға мемлекеттік тілді оқуға ниет білдіретін облыс тұрғындарының саны, оның ішінде өзге этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді оқып-үйренуге құлшынысы арта түсуде.

Қоғамдық орындарда қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің халыққа мемлекеттік тілде қызмет көрсетуі үшін олардың базалық тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған қысқа мерзімді курстар аясында «Абзал», «Прспект», «Таир» және т.б. сауда үйлерінде қазақ тілін оқыту кабинеттері ашылып, сауда саласы қызметкерлері оқытылды. Оқыту барысында А-1 деңгейлі оқулығы, электронды дискісі және QR-кодталған сілтемесі бар арнайы плакаттар әзірленіп, аталған плакаттар ірі сауда үйлерінің ғимараттарында орналастырылды.

Сонымен қатар, қазақ тілінде ауызекі сөйлеу тілін жетілдіріп, дағды қалыптастыру мақсатында Қарағанды қаласында «Мәміле», «Сөйле», Балқаш қаласында «Маржан сөз», Теміртау қаласында «Оңай тіл», Саран қаласында «Til.kz», т.б. клубтары жұмыс жасайды.

Есепті жыл ішінде **ономастика саласындағы** жұмыс «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес жүргізілді.

Облыста жалпы саны 480 әкімшілік-аумақтық бірлік, 3755 елді мекендердің құрамдас бөліктері бар. 2022 жылы 2 елді мекен, 64 құрамдас бөліктің, 19 мекеменің атауы өзгертілді. 2023 жылы облыс көлемінде кемінде 58 көше мен 5 елді мекеннің атауын өзгерту көзделген.

Осы атау беру, қайта атау жұмыстарына облыс тұрғындарының кейбір санаттарының әлі де болса қарсылық білдіруі, шектеуге қарамай елді мекендерге кісі

есімін ұсыну және ономастикалық нысандарға аз танымал тұлғалардың есімдерін жиі ұсыну фактілері кездеседі. Алдағы уақытта осы проблемалардың шешімін табу жолдары қарастырылатын болады.

Көрнекі ақпарат пен жарнаманың қоғамдық санаға әсер ететінін ескерсек, оның заңнама талаптарына сай сауатты ресімделуі де маңызды. Кәсіпкерлік субъектілеріне тексерісті шектеу салдарынан жеке кәсіпкерлер тарапынан тіл заңнамасының талаптарын, қазақ тілінің нормаларын өрескел бұзғуа жиі жол беріледі. Осы кемшіліктердің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру, тиісті әдістемелік көмек көрсету жұмыстарына басымдық берілген.

2022 жылы көрнекі ақпарат пен жарнамалардың тілін жүйеге келтіру бағытындағы рейд шараларымен қамтылған 9854 нысаннан 3230 кемшілік анықталып, оның 1129-ы түзетіліп, 1073-і (68,2%) алынып тасталды.

Жыл ішінде кәсіпкерлік нысандарға тіл заңнамалары мен байланыс деректері көрсетілген 9772 ақпараттық парақшадан мен қысқаша сөздіктер таратылды. Кәсіпкерлерге арналған 477 ақпараттық-түсіндіру шарасына 6 690 адам қамтылды, «Жедел желі» («Callcenter») қызметі арқылы 5 123 сұранысқа көмек көрсетілді.

Үшінші жыл ұйымдастырылып отырған «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасы аясында Қарағанды және Саран қалаларында үш мыңнан астам көрнекі ақпаратқа сараптама жасалып, 758 кәсіпкерге тегін аударма мен әдістемелік көмек көрсетілді.

Келешекте жекеменшік нысандар үшін көрнекі ақпарат пен жарнама мәтінін орналастырмас бұрын «Е-лицензиялау» электрондық порталы арқылы әкімдіктермен келісілу тетігін, жеке кәсіп нысандарына жарнама, көрнекі ақпараттағы тіл нормаларын сақтамау, мемлекеттік тілде қызмет көрсетуден бас тарту фактілері бойынша тексеру және айыппұл салу механизмін заңдастыру көрнекі ақпарат пен



жарнамалардағы сауатсыздықтың алдын алуға негіз болады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қоғамдық сананы жаңғырту, оның ішінде қастерлі тіліміздің тұғырын одан әрі биіктете түсу және оны ұрпақ кәдесіне жаратумен тығыз байланысты. Тілге құрмет отбасынан бастау алып, бала тілінің одан әрі қалыптасуы балабақша, одан әрі мектеп қабырғасында берілген біліммен жетіледі.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалымен бірлесе отырып, «Тіл – қазына» жобасы аясында ұлттық тәрбиені жаңғырту және қоғамға үлгі болатын отбасыларды насихаттау мақсатында алғаш рет «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы ұйымдастырылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілерде зақаттілді сапалы контентті толықтыру, этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшынысын арттыру мақсатында мемлекеттік тілді меңгерген өзге этнос бүлдіршіндерінің қатысуымен «Қазақшаң қалай, балақай?» атты 10 бейнеролик түсіріліп, әлеуметтік желілер және «5 канал» телеарнасы арқылы көпшілік назарына ұсынылды.

Әлеуметтік желілерді қолданушылар арасында қазақ тілінің мәртебесін арттыру мақсатында Айсултан Жакыпов, Перизат Иманова, Аружан Сайлауова, Таня Турлай, Алексей Лодочников сияқты танымал блогерлермен 25 блог түсіріліп, әлеуметтік желілер (Instagram, TikTok) арқылы таратылды.

Мемлекеттік тіл саясатын және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы», «Жарнама туралы» ҚР Заңдарының

талаптарын көпшілікке түсіндіру, қазақ тілін үйретуге арналған түрлі платформа-лар, IT жобалар мен мобильдік қосымшаларды таныстыру мақсатында Қарағанды облысының 11 өңірінде көшпелі семинар-тренингтер ұйымдастырылды.

«Тіл – қазына» жобасы қазақ тілінің көркемдігін, қажеттілігін, қазақтың салт-дәстүрін насихаттауда үлкен міндет атқарды деп есептейміз. Себебі, әлеуметтік желі пайдаланушылары, тұрғындар тарапынан қолдау тауып, жақсы пікірлер жазылды. Осы бағыттағы шаралар биылғы жылы да жалғасын табады.

Сонымен қатар, есептік жыл ішінде Ахмет Байтұрсынұвтың 150 жылдығына және Қазақстан халқының тілдері күніне арналған облыстық мерекелік іс-шарасы, Ақселеу Сейдімбеков атындағы жас жазушылар мен этнографтардың және көсемсөз шеберлерінің республикалық әдеби-шығармашылық байқауы, «Тіл дарын» облыстық байқауы, «Ой-өріс» зияткерлік телеойыны ұйымдастырылды.

Қазіргі таңда жетілдірілген латын әліпбиінің жаңа нұсқасы Президент жарғысымен ресми түрде бекітілген жоқ. Алайда, облыс аумағында қазақ тілін латын графикасына көшіру бойынша кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Жаңа әліпбилің емле ережелерін таныстыру, түрлі тапсырмаларды орындау арқылы оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында 3300 адамды қамтыған 100 шара ұйымдастырылды.

Тіл сасаты шараларын БАҚ арқылы қолдау облыстық медиа-жоспар аясында атқарылуда, 2022 жылы жарыққа шыққан 2 409 материалдың 300-ден астамы қазақ тілін қолдауға бағытталған іс-шараларға арналған.

2023 жылға ауқымды жобаларды іске асыру жоспарлануда. Ең алдымен тіл үйренушілерге арналған бесдеңгейлік QR-кодталған оқу-әдістемелік кешені мен оның web-сайтын жасау қолға алынбақшы. Бұл – өте ауқымды әрі өзекті жоба. Кітаптың QR афишасы кез келген тіл үйренушіге қолжетімді болып, кез келген гаджетпен, ыңғайлы орында, ыңғайлы уақытта тіл үйренуге мүмкіндік береді. Осының барлығы халықтың мемлекеттік тілді үйренуіне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ең бастысы, тіл саясатының тиімді жүргізілуі еліміздің әрбір азаматының берік ұстанымына байланысты екенін ұмытпағанымыз абзал.

Гүлнарайым ҚАНТАРБЕКОВА,
облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы

● БІЛІМ

34 мектеп лицензиясыз оқытқан

Республика аумағында лицензиясыз білім берген 34 мектепке айыппұл салынды. Оның ішінде Қарағанды мектептері де бар. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мәлімдеді.

«2022 жылы мемлекеттік аттестаттау рәсімі 2 363 ұйымда өткізілді, оның 77%-ы алғашқы реттік. Атап айтқанда, Атырау, Ақтөбе, Ұлытау, Ақмола, БҚО, Қарағанды, Түркістан және Алматы облыстары аттестациядан өтпеді. Мектептер мен колледждерді лицензиялау кезінде көптеген мәселе туындайды. Мәселе – құжаттарды дұрыс ресімдемеуде. 34 мектепке сот органдары лицензиясыз білім бергені үшін айыппұл салды», – деді Ғани Бейсембаев.

Талап бойынша мектептер лицензиясыз жұмыс істемеуі керек.

Ведомство басшысының айтуынша, соңғы бес жылда мемлекеттік аттестаттау өткізілмегендіктен, білім беру қызметтерінің сапасына шағым білдірушілер саны артқан. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына бармай-ақ, мемлекеттік аттестаттау жаңа форматта өткізілетін болды.

Министр атап өткендей, 2022 жылы еліміздегі мектептердің 25%-ына, 4 және 9-сынып оқушыларынан құралған 105 мың оқушының білім жетістіктеріне мониторинг жүргізілді.

– Оқушылардың біліміне мониторинг жүргізу (ОБМЖ) сауаттылықтың үш бағыты бойынша (оқу, математикалық және жаратылыстану) тестілеуді қамтыды. Дәлірек айтқанда, мониторинг қорытындылары білім беру сапасының көрсеткіштерін арттыру мәселелерінде кешенді тәсілдің қажеттілігін айғақтады. Мектептерге арналған PISA зерттеуіне оқу, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша 1 000 мектеп қатысты, – деді министр Ғани Бейсембаев.

Сонымен қатар, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының соңында қатысушы мектептер өздерінің даму жоспарларын әзірлеу үшін ЭЫДҰ-дан талдамалық есеп алады.

Акерке БАЙБӘКІР,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 4-курс студенті

Өтпелі кезең өкінішке ұрындырмасын

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жергілікті полиция қызметінің көмелтке толмағандар ісі жөніндегі бөлімінің дерегі бойынша 2022 жылы өз бетімен үйлерінен кеткен жасөспірімдер фактісі бойынша 127 іс тіркелген. Бірақ, уақытылы әрекеттің нәтижесінде олардың барлығының қайда екені анықталып, ата-аналарына тапсырылған. Одан бөлек, 101 бала полиция бөлімдерінің есебіне қойылған.

– Қаңғыбастыққа үйір, өз бетімен жүретін балалардың ата-аналарына қатысты Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 442-бабына, атап айтқанда, көмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуына байланысты – 18 ата-ана, аталған кодекстің 127-бабы, көмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны үшін – 26 ата-ана әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Ал, ата-ана қарауынсыз қалған және қаңғыбастыққа үйір 163 бала Теміртаудағы көмелетке толмағандардың уақытша оқшаулау орталығына жеткізілді, – дейді Қарағанды облысы ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының Ювеналды полиция тобының ерекше тапсырмалар бойынша аға инспекторы, полиция подполковнигі Факизат Тултыаева.

Факизат Мұқанқызы бүгінде толық отбасынан шыққан балалар да үйден қашуды әдетке айналдырғанын айтып отыр. Маман мұны отбасындағы жалғыз баланың еркелігіне баласа, психологтар тәрбие стиліне назар аудару керек екенін айтады.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің психология кафедрасының аға оқытушысы Мейрамгүл Түсіпова «Бала жастайынан еркіндікке үйренген

болса, жасөспірім кезінде мектепте туындаған қиындықтарға шыдай алмай, үйден қашып кетуі мүмкін» дейді. Сондай-ақ, үйден кетудің тағы бір себебі – бала мен

тұрады. Оның нәтижесі ауыр салдарларға алып келуі мүмкін, – дейді Мейрамгүл Мақсұтқызы.

Себебі, жасөспірімдік кезеңге дейін



ата-ана арасындағы қарым-қатынастың дұрыс болмауы екен.

– Тәрбие стилі әке жағынан қатал, шеше жағынан еркін болатын болса, екеуінің арасындағы келіспеушілік салдарынан бала өз үйінде өзін жат санай бастайды. Тағы бір себеп – баланың әлі де болса өзін ересек адам ретінде сезіне алмауы. Жасөспірімдік кезең – баланың ересек кезеңге өтетін шағы. Яғни, ата-ана балаға әлі де сәби тәрізді қарап, көзқарасын, қалауын ескермеуі мүмкін. Осыған байланысты өзін ересек ретінде көре алмаған, ойын, пікірін, эмоциясын көрсете алмаған бала сыртта, достарының арасында өзін ересек ретінде сезінуді артық санап

ата-ана ролі бөлек болса, дәл осы кезде бала тәрбиесіндегі стильді де өзгерту керек екенін айтады. Қажет болса, психолог кеңесін де алған дұрыс болады.

– Мұндай жағдайда маман ата-анамен де, баламен де жеке сөйлесіп, тәрбие тәсілін құруға көмектеседі. Бірақ, өкінішке қарай, біздің қоғамда отбасылық жағдайларға психологты араластыру әлі де болса орын ала қойған жоқ. Бала тәрбиесі – ең бірінші ата-ананың жауапкершілігінде. Бұл қатал ұстау керек деген емес. Балаға еркіндік бере отырып, дұрыс бағыт-бағдар беру. Ол үшін шешім қабылдау емес, сол шешімді өзі қабылдай алатындай бағыт-бағдар беру, – дейді Мейрамгүл Түсіпова.

● АНА МЕН БАЛА

Үшем перзентханадан шықты

Быттыр жыл соңында дүниеге келген үшем – Аяна, Айым және Асылым кеше ауруханадан шықты. Жүктіліктің 33 аптасында дүниеге келген олар қазір салмақ қосып, өз бетінше дем ала алады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

№1 Қарағанды перинаталдық орталығының мамандары салмағы 1400, 1500 1800 грамм болып туған шақалақтарды үш аптадай бағып-қағып шығарды. Шұғыл кесарь отасын орталық басшысы Жанар Жарова жасады, акушер-гинеколог Мария Терещенко көмек көрсетті. Үшеуінің де тыныс алуы бұзылған. Бірнеше күн бойы жаңа туған нәрестелер реанимация бөлімінде болды.

– Шамамен бір апта ішінде шақалақтардың жағдайы тұрақтанды, өз беттерінше тыныс алуды үйренді. Ана сүтімен энтеральды тамақтандыру жасалды. Одан әрі күтім жасау үшін балалар жаңа туған нәрестелердің патологиясы бөліміне ауыстырылды. Онда бөлім-

шенің медициналық қызметкерлері емдеу және бақылау жүргізді, – дейді жаңа туған нәрестелердің реанимация бөлімінің меңгерушісі Елена Виноградская.

Ата-анасы Гүлжанат Жәкенова мен Шалқар Қалиев үшем болатынын біліпті. «УДЗ кезінде естігенде, әрине, қуандық. Күтпеген жаңалық болды. Қазір үйге қайтуға дайындалып жатырмыз», – дейді Шалқар Қалиев. Гүлжанат Жәкенова орталықтың барлық қызметкерлеріне алғыс айтты.

Орайы келгенде айта кетейік, өткен жылы облыстық клиникалық аурухананың №1 перинаталдық орталығында 4 үшем және 51 егіз дүниеге келіпті.

● ҚҰҚЫҚ

Омбудсмен мүддені қорғайды

Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар адамдарға омбудсмен пайда болуы мүмкін. Мұндай адамдар үшін арнайы институт құру туралы Президент Жолдауында айтылған болатын. Қазір аталған институтты құру туралы құжат ашық НҚА порталына енгізілді.

Омбудсмен әлеуметтік осал топтардың заңды мүддесін қорғап, мемлекеттік және қоғамдық институттармен байланысы кезінде олардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Құжатқа сәйкес, аталған санатқа Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгендер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, мүгедек бала асырап отырған

отбасылар, АӘҚ алушылар, асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алып отырғандар, зейнеткерлер, қандастар кіреді. Сонымен қатар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, І және ІІ дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған аналар да тізімде бар.

Өз тілшімізден

● ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ – 175 ЖЫЛ

«Базарың құтты болсын, ардақты елім!»

Қазақ елінің XIX ғасырдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық қалыптасуында Қоянды жәрменкесі ерекше орын алады. Ол тек сауда-саттықты дамытып қана қоймай, саяси-мәдени байланыстың дамуына да даңғыл жол ашты. Сайын даланы салтанатқа бөлеген сол Қоянды жәрменкесінің ашылғанына биыл 175 жыл толып отыр.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Талды өзенінің бойын думанға бөлеген жәрменке орыс көпесі Варнава Ботовтың есімімен тікелей байланысты. Metallургтер отбасында дүниеге келген В.Ботов әкесі Серафимнің жолымен қазақ жеріне табан тірейді. Мәскеу мен Орал арасында жүріп, сауда көрігін қыздырады. Тобылдан ат арбамен шығып, Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Аягөзді басып өтіп, Қытайдың Үрімшісіне табан тірейді екен. 1848 жылдың 15 мамырында қару-жарақ, азық-түлік, мата-мақта тиген ат арбалары Қарқаралыдан 50 шақырым жердегі Талды өзенінің бойына аялдайды. Жан-жағында елді мекендер орналасқандықтан, халық та сауда жүріп жатқанынан құлақтанады. Жұрт ағылып келіп, жас көпестің бар тауарын малға айырбастап алып қалған екен. Жалпы, Қоянды – шөбі шүйгін, жері ылғалды алқап. Мал ұстауға да ыңғайлы. Одан бөлек, тарамдалып аққан төрт өзен – Талды, Моалалы, Тастыбай, Қарасудан суаттаған мал мамыражай мамырдан тамылжыған тамызға дейін қоң жинаған. Осындай шұрайлы мекен орыс көпесінің оң жамбасына дөп келсе керек. Көпестердің қызығушылығын тудырған сауда аймағында 1849 жылы саудагерлер съезі өтеді.

Жәрменке алғашында ашық аспан астында және киіз үйлерде өткен. Әуелде 16 дүкен, 120 киіз үй болса, кейіннен олардың саны 1000-нан асқан.

Қоянды жәрменкесінің ашылуы сауда-саттықтың ғана емес, тау-кен өнеркәсібінің де жандануына ықпал етті. Мәселен, жақын жердегі, шығыны жоқ саудадан мол табыс тапқан қарқаралылық көпестер кен орындарын салуды қолға алды. Соның бірі – Халиолла Бекметов. Гүлшат кенішінде күміс-қорғасын зауытын салды. Бұл 1884 жыл болатын.

1869 жылы Қарқаралы уездік әкімшілігі Қоянды сауда орнын ресми жәрменке ретінде тану жөнінде қатынас жолдайды. «...Өзін ұйымдастырған Ботовтың құрметіне атасын» деген нұсқаумен 15 маусымнан 15 шілдеге дейін жәрменке ұйымдастыру Батыс Сібір губерниясы әкімшілігі тарапынан бекітілді. Сауда айналымы артқан тұста бей-берекет сауда құрылысы салына бастады. Сондай-ақ, пошта бөлімшесі, медпункт, телеграф, мемлекеттік банк, камерасы бар судья



Ақша таситын темір сандық

үйі, уезд бастығының барағы, сауда жөніндегі бөлімшелер мен екі қатар сауда көпесі ашылды.

Ең даланы жайлаған халық үшін тұрмыстық бұйымдар қат болған тұста жәрменке іздегенге сұраған болды. Мата-мақта, құман-құмыра, айна-тарақ, ине-жіп, кілем малмен бағаланып, сатып алып отырған. Сауданың дені айырбас түрінде болғандықтан, балама ретінде бағасы 2 сом тұратын екі жасар ісек алынады. 1910 жылғы деректер бойынша өгіз бөлшек саудада – 25-60, көтерме саудада – 25-45, жылқы бөлшек саудада – 22-30, көтерме саудада – 22-28 сом, қой бөлшек саудада – 2-5, көтерме саудада – 2-4 сомға саудаланып отырған. Жәрменкенің орта тұсында айналымы 1 млн. 448 мың 460 рубльге жеткен. Ет негізінен Мәскеуге, тері-былғары өнімдері Балтық жағалауына жөнелтіліп отырған.

Қарқаралы мен Баянауыл арасында 12 бекет болған. Ал, Қоянды қаладан санағанда екіншісі болып есептеледі. Әрі телеграф желісі арқылы Орынборға Қарқаралы уезімен қатар Қоянды жәрменкесі туралы да ақпарат жіберіліп отырған. Өкінішке қарай, бүгінде телеграф бағандары сақталмады.

– Мен өзім қызмет жасаған мекеме – патша жарлығымен Қоянды жәрменкесі үшін арнайы салынған

казынашылық үйі. Ғимараттың сүйегі мықты. Әлі күнге дейін пайдаға жарап тұр. Осы жерде жәрменкеден түскен қаражат сақталған. Қабырғасы мен төбесі бір метр болатын кірпіштен қаланған арнайы бөлме бар. Сол жерде сақталған сейф пен сандықты аудандық музейге тапсырдым. Бұл сейфте 1858 жылы 5 млн.



Ақша сақтайтын сейф

рубль жиналған. Сыры да сыны да кетпеген, сапалы дүние. Әрі сейфтің құпия кілті мен қорғаныс жүйесі тағы бар. Темір сандықпен жәрменкеден түскен ақша ат арба арқылы казынашылық үйіне жеткізіліп отырған, – дейді қарқаралылық Мұрат Тойынбеков.

Белгілі жазушы Сапарғали Ләмбековтің Қоянды жәрменкесі туралы жазылған мақаласында мынандай деректер келтірілген. «Төрт жерге үлкен-үлкен төрт қоңырау орнатылды. Жұртты бір жерге жинар кезде

сол қоңыраулар соғылады. Елдің басы жиналған кезде қызылды-жасылды киінген ат үстіндегі үзегілерімен Біржан сал ортаға шығып, «Базарың құтты болсын

ардақты елім,

Қоянды ту көтерген

думан жерім.

Қарқара, сұлу Көкше –

жер шоқтығы,

Сарыарқа алтын бесік асқар белім» деп әуелете шырқап, жәрменкенің шымылдығын ашады екен. Бағаның нарқын, сауданың парқын білетін Варнава бастаған орыс, өзбек-татар көпестері қазақ өнерпаздарының өнерін паш етуіне мүмкіндік туғызды. Сол арқылы қызу сауда, сәтті олжаға бас қойды десе де болады. Даңқы алыс-жақын көршілес елге тараған сауда салтанатын тамашалаушы өнерпаздар мен балуандар саны артты. Және олар да халық көп шоғырланған ортада өздерін танытып қалуға тырысты. Яғни, Қоянды жәрменкесінің ұлы дүбірі қазақ өнерін шыңдауға зор үлес қосты. Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Майра Уәлиқызы, Мәди Бәпиұлы, Қалибек Қуанышбаев, Иса Байзақов, күй атасы Тәттімбет Қазанғұл секілді ақындар мен әншілер, дәулескер күйшілер алғаш рет осы жерде танылды. Қазақтың ұлттық театры да осы өлкеде дүниеге келген.

Қазақтың бас ақыны Абайдың да ізі Қоянды жәрменкесінде қалған екен. Бұл туралы деректі Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайының берген мәліметтерінен кездестіруге болады. Бұл туралы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан оқуға болады: «...Бүгін таңертең Абайға көптеген қонақтар — жас ақындар келді. Олар Абайға оның өлеңдерін халықтың қалай жақсы көретінін, әндері де қазақ даласына кең таралғандығын, Абай есімі бар қазаққа етене таныс екендігі туралы айтады». Сауда жасап, он тыңдаған, балуан белдестірген жұрттың көңілі сол кезде дана Абайға ауған екен. «Абай деген данышпан, ол халықтың шапағатшысы, әділдікті ту еткен, әділетсіздіктің қас жауы. Руы Тобықты болса да, ол – халықтың баласы» делінген деректер де бар. Сондай-ақ, ұлы Абайдың «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» өлеңі Қоянды жәрменкесінің желісімен жазылған екен.

Мәдени ортаның мәйегін қалыптастырған жәрменкеде балуандар белдесіп, білектілер бағын сынаған. Күш атасы Қажымұқан, жауырыны жерге тимеген Балуан Шолақ күш-қайратымен көрермендерді таң қалдырады. Балуан Шолақ осы жерде орыс балуаны Кареньмен күресіп, оның қабырғасын сындырған деген дерек бар. Бірақ, бұл ақпарат Сәбит Мұқанов шығарма



Саудагерлер керуені



Қойманың қазіргі көрінісі



Саудагерлер

сында Қызылжар жерінде өткен жәрменкеде деп жазылады. Мықтылар күш сынасқан сайыста Қажымұқан мен Балуан Шолақ бір-біріне қарсылас болып түскенімен, белдеспейді. Яғни, Қажымұқан Балуан Шолақтың жасын сыйлаған.

Қазақ елін әлемге танытқан Арқадағы кішкентай нүкте 80 жыл бойы дала төсін дүбірге толтырды. Кен даланы ең жайлаған халық сауданың парқын түсінді. Нарыққа бейімделді. Саудаласуға, тіл үйренуге әрекет етті. Кейіннен орыс көпестерінің тілмаштары болуға да жарап жатты. Бай-бағландардың қалтасын ғана қалыңдатып қоймай, Қарқаралы уезінің саяси-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты. Сол аралықтағы сауда айналымының 1 млрд. рубльден асуы халықтың жылдан жылға әлеуметтік жағдайының жақсарғандығын көрсетсе керек-ті. Жогын тауып, бүлінгенін бүтіндеген жәрменкеде халық тауар сапасына да мән берді. Қазақтан шыққан мә-

дениет, өнер майталмандарымен танысып, білісті. Халықтың көп шоғырлануы жылжымалы халық үйлерінде (қазіргі клуб үйлері) спектакль ұйымдастыруға ұйытқы болды. 3300 орындық залы бар кітапханалар мен балалар аландары жүзге жасап тұрды. 50 шақырымдық аумақта жеке бақылау өкілеттілігі бар шағын мемлекет құрылды десе де болады. Тобылдан басталған жәрменке көшінің даңқы Орал, Сібір, Орталық Азия және Батыс Қытай елдеріне кеңінен таралды. Бұл сауда айналымы мен одан түсетін қаражат көлеміне тікелей әсер етті.

Дүйім жұрт жиналған жәрменкеде әр ұлттың мәдениеті мен өнері тоғысып жатты. Бұл қазақ халқының да ұлттық өнерінің дамуына, өрісінің кеңеюіне өз әсерін тигізді. Яғни, Қоянды жәрменкесі алуан атыраптан жиналған халықтың экономикалық жағдайына ғана емес, мәдени гүлденуінде де орасан зор орын алды.

● ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

Шахтер әкенің суретші ұлы Әубәкір Ысмайылов туралы бірер сөз

Қазақтың соңғы ханы Кенесарының қылыш ұстап тұрған суреті қазақ арасына жақсы таныс. Сол секілді Шәкен Айманов түсірген «Тақиялы періште» классикалық комедиясындағы биші қыздың әкесі Нияз образы да көрерменге етене жақын. Бұл екі өнерге бір адамның – Қарағанды облысы қазіргі Абай ауданында 1913 жылы дүниеге келген адамның қатысы бар. Ол – Әубәкір Ысмайылов. Шахтер әкенің ұлы суретке жастайынан қызығып, 15 жасында сурет көрмеге қойылған екен. Актер ретінде де көрермен есінде Нияз бейнесімен берік сақталды.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның халық суретшісі Әубәкір Ысмайылов есімі Қазақстанның кәсіби бейнелеу өнерін қалыптастырған Әбілхан Қастеев, Құлахмет Қожықовпен қатар айтылады. Халқымыздың тарихы мен эпостық жырларын бейнелеп, «Қамбар батыр мен Назым қыз», «Қобыланды батыр», «Жоңғарлармен шайқас», «Едіге батыр», «Қызыл салт атты» тұрпатты сандаған картиналарды дүниеге әкелген хас шебер. Бала күнінен көкірегіне ертегі мен аңыз, тұрмыс-салт жырлары

мен халық әндерін, батырлар эпосына-сын сіңіріп өскен, бабалар жорығын, лирикалық эпостарын, асқан ерлігін, көшпенділер, жылқы мен адам образын тарихи дәлдікпен, нақты айқындап сала білген дарын иесі. Сол кездегі заман талабына сай дәлдік, сурет, композициясы, рең алмасуы, контрастар ұтымдылығы секілді талаптар үдесінен шыға білген суреткер. Еуропалық сурет өнері мен Шығыс миниатюра-сынан синтез жасай білген шебер. Кенесары ханның образын алғаш жасаушылардың бірі.

Суретшінің су бояумен салған картиналары өзінің нәзік ерекшелігі сақталып, жеңіл жазылғандығымен және сан алуандығымен тәнті етеді. Табиғат көріністерін жазса, оны ауа кеңістігіне терең бойлатып, әр қатпарын кезек-кезеңімен алыстатып, композициялық талаптарын ескеріп жазады. Һәм ашық күн, аппақ бұлттарға үйлестіріп салады. Көп тұлғалы тұрмыс көріністерін, той, көші-кон

бейнелерін, заман талабы сұраныстарын ескеріп, қазақ халқының киім-кешек, салт-дәстүр ерекшеліктерін, фольклорлық деректеріне дейін қатты мән беріп, тәптіштей бейнелейді. Портреттері фотосурет түсіру мүмкіндігі крем уақыттың құжатнамасы секілді, сол кездің ел-жұрты қалай киінді, не тұтынды, келбеті-өңі, болмысы жүріс-тұрысы, үйі-жайы, интерьері қандай еді дейтін сұрақтарға да «жа-

уап беріп» отырады. Түстердің реңін, бояулар үндестігін оқиға, сюжеттерге бағындыра суреттейді. Осындай ерекшеліктерімен уақыт ұсыныан сытылып шығып, бүгінге жетіп, қазіргі ұрпаққа, осы күнгі суретші қауымға да тәлім болып отыр.

Суретшінің кескіндемелік шығармалары өзінің бояу байлығымен, рең тұтастығымен өзгеше. Картиналарына романтикалық сарын бере, көрушіні

өзіне тарта жазуымен есте қалады. «Хан тәңірі», «Көртоғай», «Жуалы жазығы» картиналары осы сөзімізге дәлел. Жан-жақты талант иесінің живопись жанрын қалғай, тереңдей, беріле жазатыны да тәнті етеді.

Өткен ғасырдың басында аз ғана кәсіби білім алып, Жаратқан Иеден келген табиғи талантымен-ақ көл-көсір суреттерді дүниеге әкеліп, еліне мән-мағынаға толы еңбектер тарту еткен Орал Таңсықбаев, Әбілхан Қастеев секілді кесек дарындардың қатарында жүріп, артына соншалық мол мұра қалдырған Әубәкір суретшінің ғұмыры болашаққа үлгі, келешекке өнеге. Ол кісінің картиналары қандай мезгілде де өз құнын бір мысқал жоғалтпастан, қаны қызу шығармашылық қуатымен болашақта да өз ғұмырын жалғастыра бермек. Оның бір дәлелі – Шахтинск қаласындағы көркемсурет мектебінің Әубәкір Ысмайылов есімімен аталуы. 1989 жылы ашылған көркемсурет мектебіне 2015 жылы суретші есімі берілген еді. Мыңдаған суретшіні түлеткен кәсіби мектеп қазір ЮНЕСКО клубына мүше.

Жеңіс КӨКЕНҰЛЫ,
суретші

АСТАНА

• ДЕНСАУЛЫҚ

Лапароскопия – «алтын стандарт»

Облыс орталығындағы №1 көпбейінді ауруханада былтырдан бері шап жарығын (грыжа) емдеуде лапароскопиялық әдіс қолданылып келеді. Қарағандылық хирургтар осы әдіспен жеті операция жасады.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Лапароскопиялық операциялар пышақ тигізбей бірнеше пункция арқылы жасалады. Грыжа ақауының орнына торлы имплант қойылады, ол кейін органдардың шап каналына түсуіне жол бермейді.

– Барлық операция сәтті өтті. Біздің ауруханадағы лапароскопиялық әдіс асқынбаған шап жарығын емдеудің «алтын стандартына» айналып келеді. Осындай операцияны наукастардың 90%-на жасауға тырысамыз. Американдық өндірістегі ең жоғары сапалы торлы имплант қолданылады. Әрине, бұл әдіс ашық әдіспен жасалатын опе-

рацияларға қарағанда уақытты, еңбекті, қаржылық және басқа шығындарды талап етеді. Бірақ, лапароскопияны қолдану пациенттер үшін жарақат алу қаупін азайтады әрі оңалту мерзімін де қысқартады, – дейді аурухананың хирургия бөлімінің меңгерушісі Арастун Мұсаев.

Лапароскопиялық ота шамамен бір сағатқа созылады. Наукас операция жасалған күні аяғына тұрып, 3-4 күнде үйіне шығады. Мұндай операциялар МӘМС шеңберінде тегін жасалады. Әр операция үшін Қор медициналық ұйымға 150 мың теңгеден астам қаражат төлейді.

• ҚАЛА ӨМІРІ

Шыршалар алынады

Жаңажылдық мерекелер аяқталды. Қаланың көркін кіргізіп, мерекелік көңіл-күй берген шырша және өзге де заттар жиналады.

Қала әкімдігінің берген мәліметі бойынша шырша және мерекелік заттарды алып тастау 20 қаңтардан кейін басталады. Биыл қала бойынша негізгіден бөлек 5 қосымша шырша орнатылды. Олар «Сүйінші», Жеңіс алаңдары және Ә.Бөкейхан ауданының мәдениет үйлерінің аумағында орнатылған.

Қаланың негізгі шыршасы жарқ-жүрқ еткен мүсіндерімен бірге Тәуелсіздік алаңының сәнін келтірді. Қаланың басты көрікті



• ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Браконьерлер торына тосқауыл қойды

Полиция қызметкерлері еріктілермен бірге Балқаш көлінің түбін браконьерлік аулардан тазартты. Бұл туралы Полиция қызметкерлерінің ақпараттық медиа-порталы мәлімдеді.

Браконьерлердің бақылаусыз балық аулауының салдарынан бірнеше жыл ішінде көлде балық қалмауы әбден мүмкін. Қуанышқа орай, Балқашта заңсыз балық аулауға жол бермеу мақсатында құрылған бақылау бар. Алайда, полиция қызметкерлерінің айтуынша су астындағы браконьерлердің аулары балықшылардың өздеріне қарағанда әлдеқайда қауіпті. Торға оралып өлген балықтардың денесі ыдырап, басқа да су асты тіршілік иелерін улайды.

Қазір Қарағанды облысының табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері Балқаш-Алакөл балық инспекциясының инспекторларымен, еріктілермен бірлесіп "Таза су айдындары" акциясын өткізуде. Оның мақсаты-балықтардың өмір сүруіне және көбеюіне қолайлы

жағдай жасау, табиғи тіршілік ету ортасын сақтау. Бүгінде полиция мен еріктілер су түбінен 150 ауды (шамамен 15 км) алып шықты.

«Іс-шара барысында браконьерлерді ұстаудан басқа, Балқаш-Алакөл балық инспекциясының инспекторларымен, еріктілермен бірлесіп су айдындарын, жағалау аумағын ескі торлар мен коқыстардан тазарту жұмыстарын жүргіземіз. Сондай-ақ, халық арасында және оқу орындарында таза су айдындарының маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде», – дейді Қарағанды облысы ПД табиғатты қорғау полициясы бөлімінің аға инспекторы Висхан Итаева.

Тек, 16 қаңтарда көл акваториясында, атап айтқанда Бертис



шығанағында Балқаш қаласының табиғатты қорғау полициясының, Қарағанды облысы ПД және Балқаш балық инспекциясының қызметкерлері "Таза су айдыны" акциясы аясында мұз астынан ұзындығы 23 км пластиктен жа-

салған 23 браконьерлік торын алды.

Акерке БАЙБӨКІР,
Е. Бөкетов атындағы
ҚарУ-дың
4-курс студенті

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Ертегілер еліндегі» жаңа жыл

Абай ауданы Қарабас кентіндегі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №35 мекемесі Жаңа жыл мерекесін тойлауға өткен жылдың желтоқсанынан кіріскен болатын. «Қардан жасалған мүсіндер» және «Ең жақсы безендірілген жасак» байқауы жарияланып, жазасын өтеушілер жатақхананы безендіруге, концерттік бағдарлама номерлерін және қар қалашығындағы ертегі кейіпкерлерінің мүсіндерін әзірлеуге кірісіп кеткен болатын.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нәтижесінде, олар шағын ертегі қалашығы түріндегі мұздан қабырға тұрғызды. Қалашықтың қақ ортасында 2023 жылдың иесі ретінде қоянның бейнесі



бой көтерді. Ал, қардан жасалған Аяз ата мен Акшакар мұз таққа жайғасты. Күмістей жарқыраған әсем қойлек киіп, көрген жанның көзін тартқан Күлше қыз болса, қонақтарға тәттілер үлестіруде. Аппақ қардан жасалған көжектердің мүсіндері шеберлікпен жасалғаны сондай, олар құлды бір ертегі қалашығын айнала сырғанақ теуіп жүргендей.

Қалашықтың шығаберісінде

қонақтар Барыс жылына жақсылық тілеп шығарып салып, келер жылды жақсы ниетпен қарсы алды.

– Жазасын өтеушілердің Жаңа жыл қарсаңындағы шығармашылықтарына риза болдық. Түрлі идеяларды ұсынып, оны жүзеге асыруда шығармашылық әлеуеттерін толық көрсетті, – дейді қылмыстық-атқару жүйесі комитеті №35 мекемесінің бастығы, әділет полковнигі Талғат Сәттібаев.

• САҚЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Қақпақсыз құдық қауіпті

Жердің беті қармен жабылып жатқанда ашық құдықты тұрғындар көрмей қалуы мүмкін. Осындай жайт Қарағандыдағы Жанғозин көшесінде болды. Құдықтың ашық жатқанын байқаған тұрғындар жауапты органдарға шағым жасады. «Қарағанды Су» ЖШС кезекті бригадасы бірден тексеріп, мәселені шешті.

«Тексеру барысында байланыс кабельдері бар құдықтың ашық күйде жатқанын байқадық. Бетіне жабылатын бетон жабыны құдықтың дәл жанынан табылды. Болжам бойынша, жолды қардан тазарту техникасы жылжытып жатқарған», – деді «Қарағанды Су» ЖШС өкілдері.

Сонымен қатар, компания өздерінің құдықтардың жай-күйіне жауапты еместігін ескертті. Алайда, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін өз еріктерімен құдық жабынын орнына қойып, жауапты органға өтінішті қайта бағыттады.

Өз тілшімізден

Зайниш Шахметұлы ШУМЕКОВ

2022 жылдың 17 желтоқсаны күні 88-ге қараған жасында Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері және кеңестік тұтыну кооперациясының үздігі болған Зайниш Шахметұлы Шумекөв қайтыс болды.

З.Шумекөв 1935 жылы 5 тамыз айында Ресейдің Омбы облысы, Марьяновка ауданы, Байнияз ауылында туған.

Еңбек жолын 1960 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетінің «Бухгалтерлік есеп» мамандығын бітірген соң Қарағанды педагогикалық институтында оқытушы болып бастады. 1967-1970 жылдары Киевтің мемлекеттік университетінде аспирантурада оқыды. 1970 жылы 30 сәуірде экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін ғылыми диссертацияны ойдағыдай қорғады.

Білім жүйесінің бірнеше ұрпақ қызметкерлерін даярлап, ұзақ жылдар Қарағанды кооперативтік институтының парторгі және есеп-қаржы факультетінің деканы қызметінде бірнеше жыл еңбек етті (1970-1981 жж.). Отанына, студенттерге, қарапайым адамдарға және отбасына адал да шексіз қызмет етудің үлгісін көрсеткен жаны жайсаң адамды «ажал» деген қатыгез сұсты мерген кенеттен арамыздан алып кетті.

Центросоюздың Қарағанды кооперативтік институты құрылған алғашқы кезден бастап экономика кафедрасының аға оқытушысы, 1971 жылдан доцент, 2008 жылдан профессор қызметінде бірнеше жыл еңбек етті. Ол көптеген ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер жариялады.

Зайниш Шахметұлы жоғары оқу орнында жұмыс істеген жылдары (60 жылдай) Центросоюздың оқу басқармасының Құрмет грамоталарымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет және Қарағанды ардагерлер кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

2016 жылы 16 тамыз білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері белгісімен марапатталғаны туралы куәлік берілген.

Қарағанды экономикалық университетінің 40 жылдығында білім беру жүйесіндегі көп жылғы жемісті еңбегі үшін медальмен, КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының атынан ұзақ, адал еңбегі үшін 1986 жылы 12 маусымда «Еңбек ардагері» медалімен, Қазақстан мен Ресей Президенттерінің Жарлығымен 65, 70, 75 жылдардың Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің мерекелік медальдармен және 1986 жылы 18 желтоқсанда кеңестік тұтыну кооперациясының үздігі белгісімен марапатталған. Қазтұтынуодағының, Центросоюздың және Қарағанды экономикалық университеттің бірнеше Алғыс хаттарын алған.

Зайниш Шахметұлы ақ жарқын көңілін, адамгершілігін, білімділігін, қамқорлығын, өз ісіне берілгендігін сөз жүзінде емес, ісімен көрсетті. Достарына, туыстарына деген пәк жүрегі, еліміздің лайықты азаматы ретінде жастардың ақылшысы бола білуі, талай жастың дұрыс өмір жолын таңдауына септігін тигізді. Халқана қалаулы, еліне елеулі, студенттерге Құрметті ұстаз болып өмірден өтті.

Зайниш Шахметұлының жаны жәннатта, иманы жолдас болсын, алды жарық, қабірі нұрға толсын, жатқан жері жайлы болсын. Оның жарқын бейнесі мен жылы жүзі оны білгендердің және қатар еңбек еткендердің жүрегінде әрқашан сақталады.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ректораты
№17

Еске алу

Адал жар, ұлағатты әкеміз Асылбек Ыбынияұлы ЖЕТПІСБАЕВТЫҢ фәниден бақиға озғанына 2023 жылдың қаңтарында жиырма жыл болды. Әкеміз 1940 жылы Семей облысы Абыралы ауданы Қайнар ауылында дүниеге келген. Қарағанды медициналық институтын тәмамдап, Бұқар жырау, Талды, Қарқаралы аудандарында дәрігер-эпидемиолог болып абыройлы қызмет атқарды. Анамыз Роза екеуі бір ұл, үш қыз тәрбиелеп, үлгілі отбасы болды.

«Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» демекші, асқар таудай әкеміздің жарқын бейнесі аяулы жары, ұрпақтары – біздер тұрғанда ұмытылмайды, бірақ сағындырары хақ.

Есімізден еш кетпес әкеміздің жаны жәннатта, тәні рахатта болсын. Сағынышпен еске ала отырып, құран бағыштаймыз.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Әке, өзіңді сағынып еске алғанда!

Рухына бас иіп, еске алушылар: **жұбайы, балалары, немерелері**
№24

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультеті археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к. Қарсыбаева Жұлдыз Алпысовнаның анасы

Саулежан Жумашевна Несипбаеваның қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Тарих факультетінің ұжымы
№26





• БАЙҚАУ

Айтматов оқулары өтті

Қарағанды қаласында алғаш рет шығармалары әлемнің 176 тіліне аударылған кеменгер жазушы әрі ойшыл Шыңғыс Айтматов оқулары өтті. Байқауды қалалық білім бөлімінің қолдауымен әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияның орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы мұғалімдері ұйымдастырды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараға қазақ тілінде оқытатын мектептердің 10-сынып оқушылары қатысты. Айтматов оқулары бағдарламасы екі кезеңнен тұрды. Біріншісінде оқушылар тест сұрақтарына жауап беріп, Шыңғыс Айтматовтың шығармаларын оқығандығын көрсетті. Екінші кезеңде байқауға қатысушылар жазушының көркем шығармаларынан үзінді оқи отырып, шешендік өнері мен есте сақтау қабілетін байқатты.

– Шыңғыс Айтматовтың шығармалары оқырманға көп ой салады. Оның кітаптарында көтерілген өткір философиялық, этикалық, адамгершілік және



әлеуметтік мәселелер әлі күнге өзекті, болашақ ұрпаққа берер тағылымы мол, – деп атап өтті білім бөлімінің әдіскері Евгения Лаверженцева.

Байқауға қатысушылар жазушы шығармаларын мәнерлеп оқып, образға еніп, сайыстың мәнін ашты. Олар Ш.Айтматовтың әйгілі «Плах», «Ақ

кеме», «Жәмила», «Найман ана», «Боранды бекет» кітаптары бойынша дайындалған. Ұйымдастырушылар тарапынан оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығына байланысты қойылған сұрақтар төңірегінде көбірек оқып, ой жүгірту керектігі айтылды.

Бұл алғашқы іс-шара болғандықтан,


ұсақ-түйек кемшіліктер аталып, болашақта көсіле түсу қажет екені ескертілді. Балалар білімі мен актерлік шеберлігін барынша көрсеткені де тілге тиек етілді.

Қорытындыда, қазылар алқасының шешімімен №66 мектеп-лицейінің оқушысы Әйгерім Латыпова жеңімпаз деп танылды.

• ҚАЛА ӨМІРІ

Жаңа мурал қайда салынады?

Қарағандыда жаңа мурал салынып, қала көшелерінің тағы бірін көркейтпек. Бұл туралы Қарағанды қаласының урбанистика орталығы мәлімдеді.



Урбанистика орталығы жаңа муралды салуға үй іздеуде. Олардың хабарлауынша, үй жол бойында әрі кескіні айналаға анық көрінетін болуы шарт. Бұл жолы Майқұдық, Үлкен Михайловка ауданы, Пришахтинск және Сұрыптау елді мекендеріне жіті назар аударылады.

«Муралды салу үшін негізгі магистральға қарайтын, мүмкін болса терезесі жоқ, көзге жақсы көрінетін орында орналасқан үйдің қасбеті қажет. Қабырға жабынына жылтыраған кірпіштен басқа барлығы жарайды», – делінген қалалық урбанистика орталығының ақпараттында.

Еске сала кетейік, урбанистика орталығы облыс және қала әкімдігінің қолдауымен 2022 жылдан бастап қаланы муралдармен белсенді безендіріп келеді. Өткен жылдың өзінде бірден бес мурал салынды. Олар: Н.Назарбаев даңғылы, 15-тегі «Мур-мурал», Республика даңғылы, 18/2-дегі «Арманға жол», С.Мұқанов көшесіндегі «Жұлдыздарды бағындырушы кеншілер!», 19-шы шағын орамдағы «Сәукелелі қыз», Карл Маркс көшесіндегі Әлихан Бөкейханның құрметіне салынған мурал.

Ақерке БАЙБӨКІР,
Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың
4-курс студенті

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Мұражайдағы «ашық есік күні»

Қарағанды тарихи-өлкетану мұражайында «ашық есік күні» басталды. Онда мұражайға келушілер көне экспонаттар мен мұражай жәдігерлерінің қасында суретке түсе алады.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұражайға кіру тегін. Тіпті, суретке түсуге арнайы жасалған алаңқайлардың безендірілуі де ерекше. Атап айтсақ, киіз үй қабырғасы, Кеңес дәуіріндегі мекеме қабырғасы және ретро стильдегі бұрыш та бар. Көпшілік түскен суреттерін әлеуметтік желіде «Мұражайдағы селфи» деп бөлісіп те жатыр. Келген қонақтардың басым бөлігі өзге ұлт өкілдері мен жасөспірімдер.

– Бүгінде мұндай ерекше акциялар аз. Мұражай басшылығына алғысымыз шексіз. Бала-шағамызбен келіп қызықтап, суретке түсіп, оны жақындарымызға жіберіп, мәз-мей-



рам болды. Қазір дамыған технология заманында осындай үндестік тауып, оны халықпен байланыстырған мұра-

жай мамандарының тапқырлығы қуантты, – дейді мұражай қонағы Карина Абрамова.

• ЖАҢА ЖОБА

Көше атауы: тарих һәм тағылым

2023 жылдың 13 қаңтарынан бастап қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінде «Тарихтан сыр шертеді менің көшем» атты тың жоба бастау алды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның негізгі мақсаты – Қарағанды қаласы көшелерінің пайда болу тарихын зерттеу, көшенің кімнің атымен аталғанын біліп, тұлға туралы ақпаратпен танысу. Сондай-ақ, шаһарымыз туралы түрлі әдебиеттерді ақтара отырып, қаланың көшелері, көрікті жерлері жайлы мәліметтермен бөлісу.

Аталған жоба 2024 жылдың ақпанына дейін жүргізіледі деп жоспарланған. Іс-шараға «АМАНАТ» партиясының, «Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағаты» КММ, «Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражайы» КМҚК және Қарағанды қаласының ардагерлері қатысты.




• ШАҒЫ СПОРТЫ

Қоржында тағы бір алтын

АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында өтіп жатқан Универсиадада отандасымыз Данил Васильев шаңғымен тұғырдан секіру спортынан алтын медаль жеңіп алды.

Қазақстандық спортшы өз кезегінде екі мүмкіндікті де мүлт жібермеді. Ол алғашқы мүмкіндікте 127,2 ұпай еншілессе, соңғы айналымда 130,1 ұпай алып, ел қоржынына екінші алтын медальді салды.

Бұдан бұрын құрама оныншы орында тұрған еді. Ел қоржынына түскен екінші алтыннан кейін қазақстандықтар турнир кестесінде VI орынға көтерілді. Қазір Жапония мемлекеті 17 медальмен (9-6-2) көш бастап келеді. Одан кейінгі орындарда Франция – 9 (2-3-4), Чехия – 5 (2-1-2), Испания – 4 (2-1-1), Канада 5 (2-0-3) спортшылары тұр.



• ХОККЕЙ

Қатарынан төртінші жеңіс

Ал, хоккейден Қазақстан студенттер құрамасы Лейк-Плэсидте (АҚШ) кезекті жеңісіне қол жеткізді. Топтық кезеңде Словакия құрамасын 4:0 есебімен жеңіп, турнир кестесіндегі ұпай саны бойынша алға шықты.

2019 жылы Ресейдің Красноярск қаласында өткен Универсиадада отандастарымыз жартылай финалда Словакиядан 0:4 есебімен жеңіліп қалған болатын. Осы жолы қос команда топтық кезеңде кездесті.

Отандастарымыз үшін ойынның алғашқы кезеңі сәтті өтті. Максим Мұхаметов (8-минут), Станислав Александров (10-шы), Батырлан Мұратов (20-шы) есеп ашты. Екінші айналымның 28-ші минутында Олег Бойко төртінші шайбаны қақпаға тоғытып, қарсыдастарына мүмкіндік қалдырмады. Үшінші айналымда таблодағы есеп өзгермеді. Осылайша, отандастарымыз Универсиадада қатарынан төртінші ірі жеңісіне қол жеткізді. Сондай-ақ, сонау жылы Словакия құрамасының уысында кеткен жеңісті қайтарып алды.



• ТЕННИС

Александр жеңіліп қалды

Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик Аустралияда өтіп жатқан AusOpen – 2023 турнирінде жеңіліп қалды.

Отандасымыз турнирдің алғашқы айналымында Испания өкілі Алехандро Давидович-Фокимен кездесіп, 6:0 есебімен жеңілді. Десе де, ойынның екінші және үшінші айналымында отандасымыз 7:6, 6:3 есебімен басым түсті. Алайда, испаниялық теннисші қалған екі партияда 6:4, 6:3 есебімен жеңіске жетті.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

